

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ
ЖӨНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА
ТІРКЕУ 2021 ж. «07» 07 ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 030840000320
№ 5785-1907-НАО-АА
Бастапқы тіркелген күні
2003 ж. «18» 08

«Зерде» Ұлттық инфокоммуникация
холдингі» АҚ Басқармасының
2021 жылғы «18» 08 № 16
шешімімен
БЕКІТІЛДІ

**«QazInnovations» Инновацияларды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігі»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

Нұр-Сұлтан қаласы, 2021 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Жарғы «QazInnovations» Инновацияларды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) құқықтық мәртебесін, мақсаттарын, функцияларын, өкілеттіктерін және қызметінің негізгі қағидаттарын айқындайды.

2. Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде: «QazInnovations» Инновацияларды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігі» акционерлік қоғамы;

орыс тілінде: акционерное общество «Национальное агентство по развитию инноваций «QazInnovations»;

ағылшын тілінде: Joint Stock Company «National Agency for innovation development «QazInnovations».

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «QazInnovations» ИДЖҰА» АҚ;

орыс тілінде: АО «НАРИ «QazInnovations»;

ағылшын тілінде: JSC «NAID «QazInnovations».

4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/9 ғимарат.

5. Қоғамның қызмет ету мерзімі шектеусіз.

2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

6. Қоғам «Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыруға бағытталған ғылыми-инновациялық қызметті институционалдық қамтамасыз етуді дамыту жөніндегі шұғыл шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 тамыздағы №775 қаулысына сәйкес құрылды.

7. «Қазақстан индустриясын дамыту институты» акционерлік қоғамын құру туралы» 2010 жылғы 3 маусымдағы №508 және «Ұлттық даму институттарының және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тікелей не жанама түрде тиесілі өзге де заңды тұлғалардың тізбесін бекіту туралы» 2016 жылғы 30 шілдедегі № 450 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 959 қаулысына сәйкес, технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институтының функциялары Қоғамға жүктелген.

8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң), «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан

әрі - заңнама деп аталатын), сондай - ақ осы Жарғыға (бұдан әрі-Жарғы) сәйкес жүзеге асырады.

9. Қоғам әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады.

10. Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

11. Қоғамның дербес балансы, банктік шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі болады.

12. Қоғамның өз тауар белгісі бар және үлгілерін Басқарма Төрағасы бекітетін және белгіленген тәртіппен тіркелетін өзге де символикасы, сондай-ақ мемлекеттік, орыс тілдеріндегі мөртабандары, фирмалық бланкілері және басқа да деректемелері болуы мүмкін.

3. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ.

13. Қоғамның жалғыз акционері «Зерде» Ұлттық инфокоммуникация холдингі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Холдинг) болып табылады.

14. Осы Жарғы қоғамның Құрылтай құжаты болып табылады.

15. Барлық мүдделі тұлғалар Жарғымен танысуға құқылы.

4. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ТҮРЛЕРІ

16. Қоғамның негізгі мақсаты индустриялық-инновациялық даму процестерін үйлестіруді қамтамасыз етуге және индустриялық-инновациялық қызметте мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуға жәрдемдесу болып табылады.

17. Қоғам қызметінің түрлері:

1) технологиялық болжау процесіне қатысу;

2) инновацияларды дамыту саласында ақпараттық-талдамалық және консультациялық қызметтер көрсету;

3) индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің жарғылық капиталына қатысу, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғалар құру, инвестициялық және венчурлік қорларды құру немесе оларға қатысу жолымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілдермен индустриялық-инновациялық жобаларға инвестицияларды жүзеге асыру;

4) технологияларды коммерцияландыру орталықтарын, технопарктерді, конструкторлық бюроларды, технологиялар трансфертінің халықаралық орталықтарын құруға, басқаруға және үйлестіруге қатысу;

5) экономиканың басым секторларын технологиялық дамытуды ынталандыру үшін ақпараттық, білім беру және қаржы ресурстарын тарту мақсатында халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық орнату;

6) іске асырылатын индустриялық-инновациялық жобалар, енгізілген технологиялар, технологиялық болжау бойынша жүргізілген талдамалық зерттеулердің нәтижелері туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету;

7) технологиялық бизнес-инкубациялау, технологияларды коммерцияландыру және технологиялар трансферті, индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің кадрлық, басқарушылық және өндірістікәлеуетін күшейту бойынша мемлекеттік қолдау тетіктеріне асыруға қатысу;

8) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға сараптамалық қорытындылар және (немесе) ұсынымдар беру;

9) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға инновациялық гранттар беру бойынша қызметтер көрсету;

10) технологиялық даму саласында ақпаратты жинауды және индустриялық-инновациялық жүйенің тиімділігін талдауды жүзеге асыру.

Лицензияның немесе заңнамада белгіленген тәртіппен алынуы қажет өзге де рұқсаттың болуын талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензияларды немесе рұқсаттардың өзге түрін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

5. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

18. Қоғамның заңдарда көзделген барлық құқықтары бар және барлық міндеттерді атқарады.

19. Қоғам Жалғыз акционердің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие болады және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапты болады.

20. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

21. Қоғам Жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

22. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

23. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар) жасаса, мүлктік және жеке мүлктік емес құқықтар мен міндеттерді сатып ала алады, сотта талапкер немесе жауапкер бола алады, сондай-ақ заңнамаға қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыра алады.

24. Қоғам қорғау құжаттарын, технологияларды, «ноу-хау» және басқа да ақпаратты иелену және пайдалану құқығын сатып ала алады және бере алады.

25. Қоғам бағалы қағаздарды шығара алады, оларды шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу шарттары мен тәртібі заңдармен белгіленеді.

26. Қоғам Қазақстан Республикасында және шетелде өз филиалдары мен өкілдіктерін құра алады, оларға өз мүлкі есебінен негізгі және айналым қаражатын бере алады және заңдарға сәйкес олардың қызметінің тәртібін белгілей алады. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың жеке балансында және жалпы Қоғамның балансында ескеріледі.

27. Филиалдардың немесе өкілдіктердің қызметіне басшылықты Қоғам Басқармасының шешімі бойынша тағайындалатын адамдар жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Қоғам берген сенімхат негізінде әрекет етеді.

28. Қоғам өндірістік қызметті жоспарлауға, қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге, материалдық-техникалық жабдықтауға, әлеуметтік дамуға, табысты бөлуге, кадрларды іріктеуге, орналастыруға және қайта даярлауға байланысты барлық мәселелерді дербес шешеді.

29. Қоғам белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде орналасқан банктерде және басқа да қаржы мекемелерінде ұлттық валютада да, шетел валютасында да шоттар ашуға құқылы.

30. Қоғамның заңнамаға сәйкес қазақстандық, сондай-ақ шетелдік заңды және жеке тұлғалардан теңгемен және шетел валютасымен қарыз алуға және кредиттерді пайдалануға құқығы бар.

31. Қоғам Қоғамның Жалғыз акционерімен Қоғамның Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелерінің шетелдік іссапарларын келіседі.

32. Қоғамның заңнамада және Жарғыда көзделген басқа да құқықтары болуы және басқа да міндеттері болуы мүмкін.

6. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ, АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

33. Қоғамның жарғылық капиталы құрылтайшылардың (жалғыз құрылтайшының) акцияларды олардың атаулы құны бойынша және инвесторлардың осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес айқындалатын орналастыру бағалары бойынша төлеуі арқылы қалыптастырылады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.

34. Құрылтайшылар енгізетін акцияларға алдын ала ақы төлеу мөлшері Қоғамның жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерінен кем болмауға және Қоғамның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап отыз күн ішінде құрылтайшылар толық төлеуге тиіс.

35. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

36. Қоғам акцияларды, облигацияларды, айырбасталатын және басқа да бағалы қағаздарды, оның ішінде туынды қағаздарды шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналысқа шығарудың және өтеудің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарымен айқындалады.

37. Қоғам тек жай акциялар шығарады.

Жай акция Жалғыз акционерге оның қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын береді. Жай акция сондай-ақ Жалғыз акционерге Қоғамның таза табысы болған кезде дивидендтер алуға және заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғам таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін алуға құқық береді.

38. Қоғам акцияларын шығару құжатсыз түрде жүзеге асырылады.

39. Қоғам өз акцияларын олардың шығарылуы мемлекеттік тіркелгеннен кейін орналастырады.

40. Орналастырылатын акцияларды төлеуге заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа өзге мүлікпен ақы төлеу заңнамаға сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

41. Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді орталық депозитарий жүзеге асырады.

42. Қоғам өзі орналастырған бағалы қағаздарды кепілге тек:

1) кепілге берілетін бағалы қағаздар толық төленген;

2) Қоғамға кепілге берілетін және оның кепілінде тұрған акциялардың жалпы саны, Қоғам сатып алған акцияларды қоспағанда, Қоғамның орналастырылған акцияларының жиырма бес пайызынан аспаған;

3) акциялар кепілі туралы шартты Жалғыз акционер мақұлдаған жағдайда ғана ала алады.

7. ДИВИДЕНДТЕР

43. Жалғыз акционердің өзіне тиесілі акциялар бойынша Қоғамның Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес Қоғам төлейтін табысы дивиденд болып табылады.

44. Дивидендтерді төлеу ақшамен жүргізіледі.

45. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді төлеу жыл қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

46. Жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

47. Жыл қорытындылары бойынша дивидендтер дивидендтерді есептеу туралы шешім қабылдаған кезде Жалғыз акционер белгілеген мерзімде төленеді.

48. Жалғыз акционер заңнамада және Жарғыда көзделген өз өкілеттіктері шегінде Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

49. Дивидендтерді төлеу туралы шешімде келесі ақпарат болуы тиіс:

1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;

2) дивидендтер төленетін кезең;

3) бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері;

4) дивидендтерді төлеуді бастау күні;

5) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны.

50. Жарғының 51-тармағында көрсетілген негіздер бойынша дивидендтер есептелмеген жағдайларды қоспағанда, жалғыз акционер Қоғам берешегінің пайда болу мерзіміне қарамастан алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, Жалғыз акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ресми ставкасын негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

51. Қоғамның меншікті капиталының теріс мөлшері кезінде немесе егер Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса немесе егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе немесе аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, жай акциялар бойынша Жалғыз акционерге дивидендтер төлеуге тыйым салынады.

52. Жарғының 50-тармағын бұза отырып жасалған іс-әрекеттер Қоғам кредиторларының мүдделеріне нұқсан келтіретін ретінде қаралады және кез келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша сот жарамсыз деп тануы мүмкін.

53. Қолма-қол ақша түріндегі дивидендтер қолма-қол есеп айырысумен немесе чекпен, Банктің төлем тапсырмасымен, пошталық аударыммен немесе басқа да рұқсат етілген әдістермен төленуі мүмкін.

8. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

54. Жалғыз акционер құқылы:

1) заңнамамен және Жарғымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) егер сұрау салуда өзге мерзімдер белгіленбесе, Қоғам сұрау салуды алған сәттен бастап отыз күннен кешіктірмей, құпия сипаттағы ақпаратты қоса алғанда, Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде аффилиирленген ұйымдар бөлігінде ақпарат алуға, сондай-ақ Жалғыз акционер немесе Жарғыда айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатураларды ұсыну;

6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айту;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың

аффилирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс жасау) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде олар алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен сот органдарына өз атынан жүгінуге;

8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауалдармен жүгінуге және Қоғамға сауал түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауап алуға;

9) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

10) заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға;

11) заңнамаға сәйкес Жалғыз акционердің қарауына шығару үшін Директорлар кеңесіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;

12) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

13) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғамның аудитін жүргізуін талап етуге.

55. Жалғыз акционердің заңнамада және Жарғыда көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

56. Қоғамның жалғыз акционері міндетті:

1) заңнамада және Жарғыда көзделген тәртіппен акцияларды төлеуге;

2) он жұмыс күні ішінде Қоғамның орталық депозитарийін және осы акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыны Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабардар етуге;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;

4) заңнамаға және Жарғыға сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

9. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ

57. Қоғамның органдары:

1) жоғары орган - Жалғыз акционер;

2) басқару органы - Директорлар кеңесі;

3) атқарушы орган - Басқарма.

10. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

58. Заңнамамен және Қоғамның Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Холдинг Жалғыз акционер ретінде белгіленген тәртіппен қабылдайды.

59. Жалғыз акционер жыл сайын қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға міндетті. Есепті кезеңде

Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылған болып есептеледі.

60. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді дайындау:

- 1) Қоғам Басқармасы,
- 2) Қоғамның директорлар Кеңесімен іске асырылады.

61. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында қаралуы тиіс мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығаруға Директорлар Кеңесі бастамашылық етеді.

Заңнамада мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына міндетті түрде шығару жағдайлары көзделуі мүмкін.

62. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпаратты қамтуы тиіс.

63. Қоғам органдарын сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылатын кандидаттар туралы мынадай ақпарат болуы тиіс::

- 1) Тегі, аты, сондай - ақ қалауы бойынша-әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) Қоғамға аффилиирленуі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқаратын лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

64. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша материалдар:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі, сондай-ақ Қоғамның жылдық есебі;
- 2) жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есеп;
- 3) Директорлар кеңесінің өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы бір жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;
- 4) Директорлар кеңесінің атқарылған жұмыс туралы жылдық есебі;
- 5) акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізу бастамашысының қалауы бойынша өзге де құжаттар.

65. Холдингтің Директорлар кеңесі Қоғамға қатысты «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының шегінде әрекет етеді.

66. Холдинг Басқармасының құзыретіне «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Жарғыда көзделген мәселелер және Қоғамның Жалғыз акционерінің құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кіреді.

67. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

6) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелері мен төрағасын сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен шарттарын айқындау, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

7) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысы туралы жылдық есепті бекіту;

8) Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды белгіленген тәртіппен анықтау;

9) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

10) есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

11) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;

12) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру жолымен Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесін және әдістемесіне өзгерістерді бекіту;

14) Жалғыз акционерге, егер Қоғамның Жарғысында мұндай тәртіп айқындалмаса, Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

15) шешімдер қабылдау заңнамамен және Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

68. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

69. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

70. Холдинг Басқармасының басшысы немесе оның орнындағы тұлға Қоғамға олардың қызметі мәселелері бойынша орындауға міндетті тікелей (жедел) тапсырмалар беруге құқылы.

11. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

71. Директорлар кеңесі заңнамамен және Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Жыл қорытындылары бойынша Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге Директорлар кеңесі туралы ережеде көзделген тәртіппен атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

72. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады::

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы Ережелерді бекіту, сондай-ақ комитеттердің мүшелерін сайлау;

3) Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелері, ішкі аудитор, Корпоративтік хатшы, сондай-ақ тәуекел-менеджер үшін қызметтің негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту (Директорлар кеңесі жанындағы кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің ұсынымы бойынша);

4) Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелерін сайлау, олардың өкілеттік мерзімін айқындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелеріне тәртіптік жауапкершілікке тарту. Қоғамның Басқарма Төрағасын және басқарма мүшелерін сайлау Холдингтің атқарушы органының басшысымен алдын ала келісім бойынша жүзеге асырылады;

5) Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау, олардың қызметін бағалау;

6) Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

7) Ішкі аудиторды тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, сондай-ақ оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудитордың жұмыс тәртібін айқындау және ол туралы ережені, ішкі аудитордың еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын бекіту, ішкі аудитордың қызметін бағалау;

8) ішкі аудитордың жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;

9) Қоғамның ішкі аудиторының тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

10) Қоғамның Корпоративтік хатшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Қоғамның Корпоративтік хатшысын лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау, Корпоративтік хатшы туралы ережені бекіту,

Корпоративтік хатшының қызметін бағалау, Корпоративтік хатшының жұмыс жоспарларын және қызметі туралы есептерді бекіту;

11) Қоғамның тәуекел-менеджерін тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Қоғамның тәуекел-менеджерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын анықтау, Қоғамның тәуекел-менеджері туралы ережені бекіту, Қоғамның тәуекел-менеджерінің қызметін бағалау, Қоғамның тәуекел-менеджерінің қызметі туралы жұмыс жоспарларын және есептерді бекіту;

12) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

13) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;

14) Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін, Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

15) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

16) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысы туралы жылдық есепті алдын ала бекіту;

17) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

18) жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

19) нәтижесінде құны Қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің оннан елу пайызға дейінгі пайызын құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелерді Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;

20) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;

21) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

22) Жалғыз акционердің алдын ала келісімі бойынша қызметкерлердің жалпы штат санын бекіту;

23) Қоғамның корпоративтік басқару тиімділігін бағалау, өз құзыреті шеңберінде Қоғамның тиісті құжаттарына өзгерістерді бекіту, корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша Жалғыз акционерге ұсыныстар дайындау;

24) тәуекелдерді басқару бойынша Қоғамның ішкі рәсімдерін бекіту (Қоғамның ішкі құжаттарымен Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда);

25) Қоғамның есептік және салықтық есепке алу саясатына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және бекіту;

26) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

27) Қоғам Омбудсменін тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату (қажет болған жағдайда), сондай-ақ ол туралы ережені бекіту, сонымен бірге, Омбудсмен екі жылда бір рет қайта сайланады;

28) өз құзыреті шеңберінде корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығыстарын реттеуге мониторинг жүргізу және қатысу;

29) Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғамның қызметі, оның ішінде қаржылық қызмет туралы ақпаратты алу тәртібі мен мерзімдерін айқындау;

30) заңнамаға сәйкес Қоғамның әкімшілік шығыстарының лимиттерін айқындау;

31) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда);

32) Қоғамның акцияларын орналастыру (сату), оның ішінде орналастырылған (сатылған) акциялар саны бойынша, жарияланған акциялар саны, оларды орналастыру әдісі мен бағасы шегінде шешім қабылдау;

33) демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсету туралы шешім қабылдау;

34) Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін ұстану/ұстанбау туралы есепті бекіту.

73. Тізбесі Жарғының 72-тармағында белгіленген мәселелерді шешу үшін Қоғам Басқармасына беруге болмайды.

Директорлар кеңесінің Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

74. Директорлар Кеңесінің мүшелері:

1) Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған тұлғалар;

2) Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке тұлғалар ішінен сайланады (тағайындалады).

75. Тәуелсіз директорларға кандидаттардың өз міндеттерін орындау және Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесінде барлық Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, іскерлік және салалық ортада оң жетістіктері мен мінсіз беделі болуы тиіс.

Тәуелсіз директор лауазымына келесідей тұлға сайлана алмайды:

занда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған

жағдайда. Аталған талап белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады.

76. Басқарма Төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамды құрайды. Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

Жалғыз акционердің Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы шешімінде Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетілуге тиіс.

77. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер бекітеді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционер жаңа Директорлар кеңесін сайлау жүргізілетін шешім қабылдаған кезде аяқталады.

Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Жалғыз акционер оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету жолымен жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Жалғыз акционер директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлаған жағдайда, соңғысының өкілеттігі тұтастай алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

78. Директорлар кеңесінің төрағасын Жалғыз акционер сайлайды.

Директорлар кеңесінің төрағасы заңнамада және Жарғыда белгіленген тәртіппен:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;
- 3) отырыстарда хаттама жүргізуді ұйымдастырады;
- 4) Қоғам атынан Қоғам Басқармасының төрағасымен еңбек шартын жасасады. Бұл ретте осы еңбек шартында материалдық көтермелеудің Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуге тікелей тәуелділігі көзделуге тиіс;
- 5) Қоғам атынан Тәуелсіз директормен шарт жасасады;
- 6) заңнамада және Жарғыда көзделген өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

12. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ШАҚЫРУ

79. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Қоғам Басқармасының, немесе:

- 1) Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым;
- 3) Жалғыз акционердің;
- 4) ішкі аудиторбастамасы бойынша шақырылуы мүмкін.

80. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Қоғам басқармасына жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғам Басқармасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды. Директорлар кеңесінің отырысын сырттай өткізу туралы жазбаша хабарламаларға сондай-ақ сырттай дауыс беруге арналған бюллетень қоса беріледі, ол бірыңғай нысан бойынша Директорлар Кеңесінің барлық мүшелеріне ұсынылады.

Сырттай дауыс беруге арналған Бюллетень:

- 1) Қоғамның атауы және орналасқан жері;
- 2) қол қойылған бюллетеньді Директорлар кеңесінің хатшысына беру күні;
- 3) отырыстың күн тәртібі;
- 4) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 5) өзге де мәліметтер.

Директорлар Кеңесінің мүшелеріне сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жіберген кезде корпоративтік хатшы олардың дұрыс және біркелкі жасалуын өз қолымен куәландырады.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың күні, уақыты мен орны, оның күн тәртібі туралы ақпарат, сондай-ақ көзбе-көз отырыс өткізілген жағдайда, Директорлар кеңесі мүшесінің отырысқа қатыса алмайтын жағдайда күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама

жіберу арқылы дауыс беру мүмкіндігі туралы түсініктеме қамтылуға тиіс. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламалар отырыстың күн тәртібі бойынша материалдарды қоса бере отырып, Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберілуі керек.

Егер Қоғам қызметіне қатысты кез-келген мәселелерді шұғыл түрде шешу қажеттілігі туындаса, Директорлар кеңесі төрағасының шешімімен қажетті материалдармен бірге хабарлама жіберу мерзімі қысқаруы мүмкін, мұндай мәселелердің саны екіден артық болмауы керек.

81. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің отырысына бейнеконференция (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференцбайланыс (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефон кеңесі» режимінде бір мезгілде сөйлесуі) арқылы, сондай-ақ өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып қатыса алады. Директорлар кеңесінің осындай отырыстарда қабылданған шешімдерін ресімдеу тәртібі Директорлар кеңесі туралы ережемен айқындалады.

Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің төрағасын немесе Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысын оның Директорлар кеңесінің отырысына қатысу мүмкін еместігі туралы алдын ала хабардар етуге міндетті. Отырыста болмаған Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша хабарлама арқылы Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы.

Бұл ретте күн тәртібі бойынша мұндай жазбаша хабарлама:

- 1) жасалған күні;
- 2) жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесі мүшесінің пікірін білдіретін күн тәртібі;
- 3) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша айқын пікірі;
- 4) қолы;
- 5) Директорлар кеңесі мүшесінің қалауы бойынша күн тәртібіне қатысты өзге де мәліметтер.

Директорлар кеңесінің мүшесі ұсынған күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептеу кезінде ескеріледі және күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесінің осы мүшесінің дауыс беруі туралы жазба жасалатын отырыс хаттамасына тігіледі.

Күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламаны Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін Директорлар кеңесінің төрағасына немесе корпоративтік хатшыға ұсынуы тиіс.

Егер күн тәртібі бойынша бұрын жазбаша хабарлама берген Директорлар кеңесінің мүшесі аралас дауыс беру пайдаланылатын кеңес отырысына қатысу және дауыс беру үшін келсе, оның жазбаша пікірі ескерілмейді.

13. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ

82. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды және бейнеконференцияны (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференцбайланысты («телефон кеңесі» режимінде Директорлар кеңесі мүшелерінің бір мезгілде сөйлесуі), өзге де байланыс құралдарын пайдалануды ескере отырып, сондай-ақ Директорлар кеңесінің жоқ мүшелерін (олардың жазбаша түрде берілген дауыстары болған кезде) ескере отырып айқындалады.

83. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер заңнамада немесе Жарғыда өзгеше көзделмесе, отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

84. Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

Жалғыз акционер, егер аталған шешіммен Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған болса, заңнаманың және Жарғының талаптарын бұза отырып қабылданған Қоғамның Директорлар кеңесінің шешіміне сотта дау айтуға құқылы.

85. Жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешім оны жасауға мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Егер тәуелсіз директорлардан басқа Директорлар кеңесінің барлық мүшелері осындай мәмілені жасауға мүдделі болған жағдайда, шешім тәуелсіз директорлардың жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда, Қоғамның мүдделілігі бар мәмілені жасау туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

86. Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының қалауы бойынша Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Бұл ретте отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер қолданылады.

Сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау мүмкін болатын мәселелердің тізбесі Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережемен айқындалады.

Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда қабылданды деп танылады. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Директорлар кеңесінің мүшесі қол қоюы тиіс. Қол қойылмаған Бюллетень жарамсыз деп саналады. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі және оған корпоративтік хатшы мен Директорлар кеңесінің төрағасы қол қоюы, сондай-ақ келесіні қамтуы тиіс:

- 1) Қоғамның атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай дауыс беру шешімін жазбаша ресімдеу күні мен орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;
- 4) отырысты шақыруды жүзеге асырған адамды (органды) көрсету;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның болуы/болмауы туралы жазба;
- 7) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары және қабылданған шешім;
- 8) өзге де мәліметтер.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде ол негізінде осы шешім қабылданған бюллетеньдерді қоса бере отырып, Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

87. Директорлар кеңесінің көзбе-көз тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жасалып, оған отырысқа төрағалық еткен адам мен Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы қол қоюы және келесіні қамтуы тиіс:

- 1) Қоғамның толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беруі туралы жазба (мұндай жазбаша хабарлама болған жағдайда);
- 8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері, сондай-ақ қол қойылған бюллетеньдер Қоғамның мұрағатында сақталады.

Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнен оның қолымен және Қоғамның тиісті мөрінің бедерімен расталған үзінді көшірмелерді беруге міндетті.

88. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы тиіс.

89. Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар мен сыйақылар;
- 3) ішкі аудитор;
- 4) әлеуметтік мәселелер;

5) Қоғамның ішкі құжатында көзделген өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесінің жекелеген комитеті қарайтын және тек қана Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұратын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, осы тармақтың 1), 2), 4) тармақшаларында санамаланған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

90. Комитеттерді Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелерінен құрады, олардың біреуі комитет төрағасы болып тағайындалады. Қажет болған жағдайда Комитеттің құрамына нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылар енгізілуі мүмкін. Комитет төрағасы мен мүшелерінің өкілеттік мерзімдері олардың Директорлар кеңесінің мүшелері ретіндегі өкілеттік мерзімдерімен сәйкес келеді.

91. 89 – тармақтың 1) - 4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау функцияларына кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары тәуелсіз директорлар болып табылады.

Қоғам Басқармасының төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

14. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ

92. Ағымдағы қызметке басшылықты Қоғам Басқармасы жүзеге асырады. Қоғам Басқармасын Басқарма Төрағасы басқарады.

93. Қоғам Басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, оның ішінде:

1) нәтижесінде құны Қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің он пайызынан кем болатын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу туралы шешім, сондай-ақ заңнамада және (немесе) Жарғыда Қоғамның өзге органдарының, Басқарма төрағасының немесе Басқарма төрағасының құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның өзге де мәмілелер жасасуы туралы шешім қабылдайды;

2) Жалғыз акционермен алдын ала келісу бойынша Директорлар Кеңесі бекіткен қызметкерлердің жалпы штат санын ескере отырып, Қоғамның ұйымдық құрылымын және штат кестесін бекітеді;

3) Қоғамның барлық қызметкерлері орындауға міндетті шешімдер қабылдайды және нұсқаулар береді;

4) Қоғамның өзге органдарының құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;

5) Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің, оның еншілес ұйымдарының және тәуелді акционерлік қоғамдардың жұмысын үйлестіреді және бағыттайды;

6) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

7) Жарғының 72-тармағының 31) тармақшасында көрсетілген құжаттарды қоспағанда, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын бекіту тәртібін айқындайды;

8) Директорлар Кеңесі бекіткен Қоғамның даму жоспарының шеңберінде Жалғыз акционер бекіткен регламенттеуші құжаттарға сәйкес Қоғамның бюджетін бекітеді және түзетеді;

9) Жалғыз акционермен алдын ала келісу бойынша Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру қағидаларын бекітеді;

10) Қоғамның даму стратегиясын дайындауды және іске асыруды жүзеге асырады, сондай-ақ оның орындалуына жауапты болады;

11) Қоғамның даму жоспарын әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асырады, сондай-ақ оның орындалуына жауапты болады;

12) Жалғыз акционерге жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың жиыrmасыншы наурызына дейін Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер мөлшерінің болжамды көрсеткіштерін ұсынады;

13) Қоғамда ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару рәсімдерін әзірлеу мен қолдануға жауапты болады;

14) Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы Директорлар кеңесін уақтылы хабардар етеді;

15) филиалдар мен өкілдіктердің басшылары лауазымдарына тұлғаларды тағайындайды және оларды лауазымдардан босатады;

16) Жалғыз акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғамның қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

94. Егер мәміле жасасу кезінде тараптардың осындай шектеулер туралы білгенін дәлелдесе, Қоғам өзінің атқарушы органы (Басқармасы) Қоғам белгілеген шектеулерді бұза отырып жасаған мәміленің жарамдылығына дау айтуға құқылы.

95. Басқарма Директорлар кеңесінің мүшелеріне оларға жүктелген функцияларды орындау кезінде Қоғамның, оның ішінде құпия сипаттағы қызметі туралы ақпаратты сұрау салуды алған кезден бастап он күннен кешіктірілмейтін мерзімде уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді. Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

96. Басқарманың жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі, сондай-ақ Басқарманың өзге де өкілеттіктері Директорлар кеңесі бекітетін Қоғам Басқармасы туралы ережеде айқындалады.

